

6D030100 – Құқықтану мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «Қазақстан Республикасы және Ресей Федерациясы азаматтарының сайлау құқығына салыстырмалы-құқықтық талдау» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына АННОТАЦИЯ

Диссертациялық жұмыстың жалпы сипаттамасы. Диссертациялық жұмыс қазіргі кезеңде адам құқықтарының ажырамас бөлігі ретінде Қазақстан Республикасы азаматтарының сайлау құқықтарын құқықтық реттеу механизміне талдау жүргізе отырып, сайлау құқықтарын жүзеге асырудың теориялық және тәжірибелік мәселелерін кешенді зерттеуге арналған. Зерттеу жүргізу шетелдердің озық тәжірибесіне, соның ішінде көршілес мемлекет Ресей Федерациясының сайлау туралы заңнамасына салыстырмалы-құқықтық талдау жүргізу арқылы жүзеге асырылды. Адам құқықтары мен бостандықтарын тану және оларға кепілдік беру құқықтық мемлекеттің адамның құқықтары мен бостандықтарын ең жоғарғы қазына ретінде маңызын білдіретін ерекше белгісі болып табылады. Қазақстан Республикасындағы саяси құқықтар мен бостандықтардың заңнамада бекітілуі, Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясында сайлау құқығының қалыптасуы және қазіргі кезеңде дамуы, сайлау құқығы саласындағы халықаралық стандарттар қарастырылады. ҚР азаматтарының сайлау құқығын жүзеге асырудың құқықтық механизмі мен конституциялық-құқықтық кепілдіктеріне зерттеу жүргізу нәтижесінде сайлау құқығының құқықтық негіздерін жетілдіруге бағытталған маңызды ұсыныстар беріледі.

Диссертациялық зерттеу тақырыбының өзектілігі. Әділ әрі тең сайлау бүгінгі демократиялық қоғамның ең басты міндетті белгілерінің бірі екендігін ескере отырып, азаматтардың сайлау құқықтарын салыстырмалы – құқықтық талдау аса өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Қазіргі таңда Қазақстан Республикасы жаһандану мен жаңа конституциялық даму кезеңіне өтуде. ҚР Конституциясына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар жаңа демократиялық қоғамның қалыптасуы мен саяси құқықтардың маңыздылығын арттырады. Осы бағытта жаңа конституциялық қайта құрулар кезеңінде саяси құқықтардың, оның ажырамас элементі ретінде танылып отырған сайлау құқығының мемлекеттің саяси жүйесіндегі атқаратын қызметі мен рөлін анықтау қазіргі кезеңдегі өзекті мәселелердің қатарына жатады.

Кейінгі жылдары сайлау Қазақстан мен Ресей қоғамының өміріне демократияның өкілді негіздерін қалыптастырудың шын мәнінде жұмыс істейтін институты ретінде танылды. Біз іс жүзінде Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының қазіргі сайлау жүйесінің қалыптасуы мен дамуының куәсі бола отырып, азаматтардың мемлекеттік билік және жергілікті өзін-өзі басқару органдарына сайлау және сайлану конституциялық құқығын жүзеге асыру мен қорғаудың заңдық нысандарын тәжірибеде белсенді ізденумен айналысамыз. Сайлау заңнамасының қалыптасу үрдісі құқықтық реттеудің барлық деңгейлерін қамтиды, мысалы, ұлттық, федералдық, өңірлік және муниципалдық деңгейлер және бұған тек заңнамалық (өкілетті) билік органдары ғана емес, сонымен қатар Президенттік және Үкіметтік құрылымдар, сондай-ақ сайлау комиссиялары жатады. Қазақстан Республикасындағы сайлау заңнамалары мен ұлттық нормаларына салыстырмалы-құқықтық талдау жасау арқылы біз Ресей Федерациясының мемлекеттік және муниципалды билік органдарының сайлау негіздерін жаңғыртуды қамтамасыз етудің жалғыз заңды құралы ретінде Ресей азаматтарының сайлау құқықтарының ерекшеліктерін назарға алдық. Бұл жерде сайлау құқығы нормаларында көрсетілген тиісті құқықтық ережелерсіз, электорат пен саяси жария билігінің тиісті заңдық өзара байланысы мен тәуелділігін қолдау мүмкін емес екенін ескермеуге болмайды. Қазіргі кезеңде сайлау құқығының теориялық тұжырымдамасын әзірлеу өте қажет. Бұл міндетті сайлау құқығын реттеудің отандық тәжірибесін есепке алмай, сондай-ақ оларды ұйымдастыру мен өткізуде Қазақстан мен Ресей Федерациясының мемлекеттік және қоғамдық құрылымының түбегейлі реформаларын жүзеге асыруға негізделген және сайлау жүйесінің демократиялық әлеуетін үдемелі өрістетуге бағытталған халықаралық сайлау стандарттарын ескермей шешу мүмкін емес.

Қазақстанның сайлау туралы заңының, Ресейдің федералды және аймақтық заңнамасының сайлау процесінің жекелеген қырларын шамадан тыс нақтылауы нәтижесінде сайлауды ұйымдастыру және өткізу саласында әрекет ететін нормативтік құқықтық актілердің көлемінің едәуір ұлғаюы азаматтардың сайлау құқықтарын іске асыру мен қорғаудың құқықтық режимін

тұтас, жүйелі және дәйекті заңнамалық реттеуге ықпал етпейді. Нәтижесінде сайлау қатынастарын құқықтық реттеудің көптеген іргелі мәселелері әлі күнге дейін қажетті ғылыми түсінік пен негіздеме бере алмағандықтан, ғалымдар мен практиктердің арасында айтарлықтай түсінбеушіліктер туғызуда. Дәл осы жағдай қазіргі Қазақстан мен Ресейдегі сайлау құқығының қалыптасуы мен дамуының теориясы мен практикасының өзекті мәселелеріне салыстырмалы-құқықтық талдау жасау арқылы шешу жолдарын ұсынуға мәжбүрлейді. Тақырыптың өзектілігі қазіргі кезеңде Қазақстан Республикасы азаматтарының саяси құқықтары - мемлекеттік билікті жүзеге асыруға және мемлекеттің қоғамдық-саяси өміріне араласу және қатысу мүмкіндіктерін арттыру қажеттігінен туындап отыр. Сондықтан да аталған мәселені жан-жақты талдай отырып, сонымен қатар көршілес шетел мемлекеті - Ресейдегі сайлау туралы заңнамаларға салыстырмалы-құқықтық талдау жүргізу арқылы Қазақстан Республикасы азаматтарының сайлау құқықтарын реттейтін ұлттық заңнаманы жетілдіретін ұсыныстар беру өте қажет деп санаймыз.

Зерттеудің мақсаты мен міндеттері. Қазақстанда демократиялық қоғамды дамыту және одан әрі нығайту мақсатында азаматтардың сайлау құқықтарының заңдық табиғаты мен оны іске асыру және қорғауды қарастыру және мәнісін ашып көрсету болып табылады. Сонымен қатар қазіргі Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы азаматтарының сайлау құқықтарына кешенді зерттеу жүргізе отырып, сайлау заңнамасын және оны қолдану тәжірибесін жетілдіру үшін теориялық және тәжірибелік маңызы бар тұжырымдар мен нақты ұсыныстар әзірлеу.

Аталмыш мақсат диссертациялық зерттеудің келесі міндеттерін айқындап береді:

- азаматтардың саяси құқықтар жүйесіндегі сайлау құқығының мәнісін ашу және алатын орнын анықтау;

- азаматтардың сайлау құқықтарын реттейтін Қазақстан Республикасы және Ресей Федерациясының заңнамаларының қалыптасуына және даму үрдісіне тарихи - құқықтық талдау жүргізіп, сайлау заңнамасының қалыптасуы мен дамуының негізгі кезеңдерін анықтау;

- сайлау заңнамасын жетілдіру мақсатында, сайлау құқығының қағидаларын айқындау және талдау жүргізу;

- Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының сайлау заңдарына талдау жүргізу, соның нәтижесінде сайлау заңнамасын жетілдіру және Қазақстан Республикасы азаматтарының сайлау құқықтарына кепілдіктерді күшейту мақсатында жоғарғы тұрған сайлау комиссиясының шағымды қарау мен өкілеттігін айқындау бойынша ұсыныстар әзірлеу;

- Қазақстан Республикасының сайлау туралы заңнамасына зерттеу мен құқыққолдану тәжірибесіне талдау жүргізу негізінде сайлау комиссияларына келіп түсетін өтініштерді және бірінші кезекте азаматтар мен қоғамдық бірлестіктердің шағымдарын есепке алу және талдау жүргізу жөніндегі заңнаманы жетілдіру жолдарын ұсыну;

- Қазақстан Республикасының азаматтарының сайлау құқықтарын бұзғаны үшін жауапкершілік белгілеу механизмін айқындау және оған талдау жүргізу.

Диссертациялық зерттеу объектісі азаматтардың сайлау құқықтарының аясындағы конституциялық-құқықтық қатынастар.

Зерттеу пәні болып азаматтардың сайлау құқықтарының ұғымы, мазмұны, және кепілдіктері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының сайлау заңнамасын жетілдіру мәселелері табылады.

Диссертациялық зерттеудің ғылыми жаңалығы Аталмыш тақырыпты зерттеу барысында әрбір адам өмірінде ерекше рөл атқаратын құқықтардың бірі - сайлау құқықтары төңірегінде туындаған, қазіргі қоғам үшін маңызды мәселелерге терең зерттеу жүргізу, Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының азаматтарының сайлау құқықтарына құқықтық-салыстырмалы талдау жүргізу арқылы қазіргі жаһандану кезеңінде сайлау құқықтарын тәжірибеде жүзеге асыру жөнінде қорытындылар жасалады. Қолданыстағы сайлау туралы заңнамаға талдау жүргізу, азаматтардың сайлау құқықтарына кешенді ғылыми зерттеу жүргізу арқылы конституциялық құқық ғылымына үлес қосатын жаңа ұсыныстар әзірленді.

Зерттеудің теориялық негіздерін Диссертациялық зерттеу шетел тәжірибелерімен салыстырыла отырып Қазақстан Республикасының заңнамасында саяси құқықтардың конституциялық құқықтық реттелу механизмін барынша дамытуға бағытталған. Жасалынған салыстырмалы-құқықтық талдау нәтижесінде қол жеткізген ғылыми тұжырымдар мен ұсыныстар, саяси және сайлау құқықтарын жаңа саяси бағытта қалыптасуына, болашақта сайлау құқығын жетілдіруге өз үлесін қосады. Сонымен қатар, конституциялық және сайлау құқығы пәндерін оқу

барысында оқу құралы ретінде пайдалануға болады. Жұмыстың тәжірибелік маңызы Қазақстан Республикасының сайлау туралы заңнамасын жетілдіруге бағытталуымен түсіндіріледі.

Зерттеу әдістемесі жалпы ғылыми және жалпы теоретикалық әдістемелік қағидаларға негізделген: ақиқаттық, нақтылық, жан-жақтылық тәсілдемесі; таным (талдау, синтездеу және басқалары). Диссертацияның тақырыбын зерттеу барысында зерттеудің келесі арнайы әдістері пайдаланылды: тарихи-құқықтық, жүйелі-құрылымдық, салыстырмалы-құқықтық, логикалық, ресми-заңдылық талдаулар. Қазақстан және шетел авторларының ғылыми еңбектері, ұлттық және халықаралық нормативтік құқықтық актілер зерттеудің теориялық негізін құрайды.

Негізгі тұжырымдар: 1. Азаматтардың саяси құқықтарына теориялық-құқықтық талдау жүргізу нәтижесінде сайлау құқығының саяси құқықтар жүйесінде ерекше орын алатыны анықталды, бұл мемлекеттің саяси өміріндегі маңыздылығымен негізделеді. Азаматтардың сайлау құқығы халықтың еркін білдіретін және олардың саяси үдеріске қатысуының басты нысандарының бірі болып табылатын маңызды демократиялық институтты білдіреді. Азаматтардың саяси құқықтары жүйесіндегі сайлау құқықтарының маңыздылығы сол, олар халық егеменділігінің көрінісі және халықтың билігі қағидасын жүзеге асыру нысаны, мемлекеттік биліктің тиімділігін, жалпы құқық жүйесін жетілдірудің элементі; халық пен жария билік органдары арасындағы кері байланысты қамтамасыз етудің тетігі болып табылады.

2. Азаматтардың сайлау құқықтарын реттейтін Қазақстан Республикасы және Ресей Федерациясының заңнамаларына зерттеу жүргізе келе сайлау заңнамаларының қалыптасуының келесі негізгі кезеңдері анықталды:

1) Қазақстан Республикасының сайлау заңнамасының қалыптасу кезеңдері:

Бірінші кезең: - 1993 жылғы 9 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының сайлау кодексін қабылдау;

Екінші кезең: - 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңын қабылдау;

Үшінші кезең: - 1998 жылғы 7 қазандағы Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу, аралас сайлау жүйесі енгізілді;

Төртінші кезең: - 2007 жылғы 21 мамырдағы Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу, пропорционалды сайлау жүйесі енгізілді.

2) Ресей Федерациясының сайлау заңнамасының қалыптасу кезеңдері:

Бірінші кезең: - Ресей Федерациясының 1996 жылғы 26 қарашадағы №138-ФЗ «Ресей Федерациясы азаматтарының жергілікті билік органдарына сайлау және сайлануға конституциялық құқықтарын қамтамасыз ету туралы» Федералды Заңын қабылдау;

Екінші кезең: - 2002 жылғы 12 маусымдағы №67-ФЗ «Ресей Федерациясының азаматтарының референдумға қатысу құқығының және дауыс беру құқығының негізгі кепілдіктері туралы» Федералды Заңын қабылдау;

- 2003 жылғы 10 қаңтардағы №19-ФЗ «Ресей Федерациясының Президентін сайлау туралы» Федералды Заңының қабылдануы;

Үшінші кезең: - 2005 жылғы 18 мамырдағы №51-ФЗ «Ресей Федерациясының Федералды Жиналысы Мемлекеттік Думасының депутаттарын сайлау туралы» Заңын қабылдануы.

- 2014 жылдың 22 ақпанындағы №20-ФЗ «Ресей Федерациясының Федералды Жиналысы Мемлекеттік Думасының депутаттарын сайлау туралы» заңы қайта қабылданды.

3. Сайлау құқығының қағидаларына жан-жақты талдау жүргізе отырып, Қазақстан Республикасында және Ресей Федерациясында азаматтардың сайлау құқығы қағидаларының негізгі жүйесі қалыптасқаны айқындалды, олар: сайлау құқықтарының жалпыға бірдей болуы қағидасы; тең сайлау құқығы қағидасы; тікелей сайлау құқығы қағидасы; жасырын дауыс беру қағидасы.

Сонымен бірге, Қазақстан Республикасының қазіргі даму кезеңінде сайлау құқығының дамуы мен жетілдірілуі қолданыстағы Қазақстан Республикасының сайлау құқығы қағидаларының жүйесін толықтыруды қажет етеді деп санаймыз. Біздің пікіріміз бойынша, қазіргі кезеңде сайлау құқығын іске асырудың құқықтық тетігін жетілдіру үшін келесідей қағидаларды ұсынуға болады:

- сайлау органдары қызметінің ашықтығы;

- сайлау органдарының (лауазымды тұлғаларының) әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) азаматтардың шағымдану еркіндігі;

- сайлау органдарының (лауазымды тұлғалардың) жауапкершілігі қағидасы.

4. Қазақстан Республикасы және Ресей Федерациясының сайлау заңдарына талдау жасай отырып, сайлау заңнамасын жетілдіру және Қазақстан Республикасы азаматтарының сайлау құқықтарына кепілдіктерді күшейту мақсатында жоғары тұрған сайлау комиссиясының шағымды қарау бойынша өкілеттігін заңда айқындау ұсынылады. Ресей Федерациясының «Ресей Федерациясы азаматтарының сайлау құқықтары мен референдумға қатысу құқықтарының негізгі кепілдіктері туралы» («Об основных гарантиях избирательных прав и прав на участие в референдуме граждан Российской Федерации») Заңының 75-бабының ережелерін Қазақстан Республикасының сайлау туралы конституциялық заңына енгізуге болады. Осыған байланысты:

1) Қазақстан Республикасының сайлау туралы конституциялық заңының 20-бабының 9-пункті келесідей абзацпен толықтыру қажет:

«Жоғары тұрған сайлау комиссиясы шағымды қарау кезінде келесі шешімдердің бірін қабылдауға құқылы:

- шағымды қанағаттандырмауға;

- шағымдалған шешімді толығымен немесе бір бөлігін жоюға (әрекетті (әрекетсіздікті) заңсыз деп тануға) және мәні бойынша шешім қабылдауға;

- шағымдалған шешімді толығымен немесе бір бөлігін жоюға (әрекетті (әрекетсіздікті) заңсыз деп тануға), төменгі тұрған комиссияға шағымды қайта қарауды міндеттеуге».

2) Азаматтардың сайлау органдарына жүгінуін қарастыру тәртібін оңтайландыру мақсатында Қазақстан Республикасының сайлау туралы конституциялық заңының 49-бабын 6-абзацпен келесі редакцияда толықтыру ұсынылады:

«Сайлау комиссиясы шағымды қарастырғанда, сондай-ақ азаматтардың сайлау құқықтарын және азаматтардың референдумға қатысу құқықтарын бұзу туралы шағымды қарастырғанда, комиссияның отырысына шағым берушілер, сондай-ақ әрекеті (әрекетсіздігі) шағымдалып жатқан тұлғалар шақырылуы тиіс».

5. Қазақстан Республикасының сайлау туралы заңнамасына зерттеу жүргізу және құқыққолдану тәжірибесіне талдау жүргізу негізінде 1995 жылғы 28 қыркүйекте қабылданған Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» заңына келесідей өзгерістер мен толықтырулар енгізуді ұсынамыз:

- Сайлау комиссияларына келіп түсетін өтініштерді және бірінші кезекте азаматтар мен қоғамдық бірлестіктердің шағымдарын есепке алу және талдау жүргізу мақсатында Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңында барлық сайлау комиссияларына келіп түсетін азаматтардың сайлау құқықтарын жүзеге асыру мәселелері бойынша өтініштерін статистика органдарында тіркеу туралы ережені орнату қажет деп санаймыз. Осындай есеп жүргізу арқылы барлық өтініштер туралы толық және объективті жағдайды білуге, азаматтардың сайлау құқықтарының бұзылу сипаты мен үрдісін айқындау мүмкіндігіне қол жеткізуге болады. Бұндай есептердің мәліметтері ЕҚЫҰ миссиясы үшін сайлау құқықтарының бұзылу сипаты мен саны туралы объективті мәлімет беруге мүмкіндік береді.

- Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңының 49-бабында сайлау комиссияларының азаматтардың, сонымен қатар заңды тұлғалардың өтініштерін әділ, жан-жақты және уақытылы қарау, қажет болған жағдайда олардың қатысуымен қарау, жеке азаматтар мен заңды тұлғаларға қатысты шығарылған шешімді жазбаша немесе электронды құжат түрінде хабарлауды міндеттеу қажет.

6. Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде сайлау бюллетенін әлеуметтік желіде жариялағаны үшін жауапкершілікті қарастыру қажет деп санаймыз. Мұндай құқық бұзушылықтың алдын алу үшін сайлау учаскелерінде дауыс беруге арналған кабиналарда фотосуретке және бейне таспаға жазуға тиым салуға қатысты тәртіп орнатуға болады. ҚР ӘҚБК-не жаңа «Сайлау бюллетенін әлеуметтік желіде жариялағаны үшін жауапкершілік» деп аталатын жаңа 112-1-бабын енгізуді және оны келесі редакцияда жазуды ұсынамыз: «Сайлау учаскелерінде дауыс беруге арналған кабиналарда фотосуретке түсіруге және бейне таспаға жазуға тиым салынады».

Зерттеудің теориялық және тәжірибелік маңызы. Диссертациялық зерттеу шетел тәжірибелерімен салыстырыла отырып Қазақстан Республикасының заңнамасында саяси құқықтардың конституциялық құқықтық реттелу механизмін барынша дамытуға бағытталған.

Жасалынған салыстырмалы-құқықтық талдау нәтижесінде қол жеткізген ғылыми тұжырымдар мен ұсыныстар, саяси және сайлау құқықтарын жаңа саяси бағытта қалыптасуына, болашақта сайлау құқығын жетілдіруге өз үлесін қосады. Сонымен қатар, конституциялық және сайлау құқығы пәндерін оқу барысында оқу құралы ретінде пайдалануға болады. Жұмыстың тәжірибелік маңызы Қазақстан Республикасының сайлау туралы заңнамасын жетілдіруге бағытталуымен түсіндіріледі.

Зерттеу нәтижесін апробациялау. Зерттеу жұмысындағы бастапқы маңызды ережелер мен қорғауға шығарылатын ұсыныстарға қойылатын талаптарды автор тарапынан Қарағанды мемлекеттік университетінің қабырғасында өткізілген халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары мен ғылыми еңбектер жинақтарында жарияланған. Сонымен қатар, конституциялық және халықаралық құқық кафедрасында өткізілген ғылыми-теориялық семинарларда талқыланды. Тұжырымдамалар мен негізгі ережелер өткізілген халықаралық тәжірибелік конференциялар мен дөңгелек үстелдерде баяндалып, шетелдік баспалары мен Білім және ғылым министірлігі ұсынған басылымдарда мақала ретінде шықты.

Жұмыстың көлемі мен құрылымы. Диссертация Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министірлігінің БҒСБК бақылау комитетінің бекіткен талаптарына сай дайындалған. Зерттеу жұмысының қысқартылған белгілеулерден, кіріспе және он бір бөлімнен, үш тараудан, қолданылған әдебиеттер тізімі мен қорытынды бөлімнен тұрады.